



Билік саяси феномен ретінде

Саясаттануда саяси **билік теориясы** негізгі орын алады. Ол саясатпен тығыз байланысты және саясаттың, саяси институттар мен барлық саясат әлемінің мәнін түсініп-білуге мүмкіндік береді. Себебі, саясаттың негізгі мәселесі - билік, ал мазмұны - билік үшін күрес және билікті жүргізу. Шығыстың көрнекті ойшылы **Ибн-Халдун** адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі - ол билік үшін күреседі деген.

Ағылшынның ең ірі фәлсәфәшіларының бірі, қоғам қайраткері болған **Бертран Рассел** физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деп дұрыс айтқан.

Ал Американың әйгілі әлеуметтанушысы **Талкотт Парсонс** экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те соншалықты орын алады деген.

Билік жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі анықтамалар мен тұжырымдамалар бар

● Солардың негізгілеріне:

- **1. Телеологиялық анықтама** билікті белгілі бір мақсатқа, белгіленген нәтижеге, қорытындыға жету мүмкіндігі деп түсіндіреді. Мысалы, ағылшын фәлсәфәшысы Т.Гоббс билік болашақты игілікке жетудің құралы және өмірдің өзі өле-өлгенше билік үшін үздіксіз ұмтылыс деп жазды.
- **2. Бихевиористік анықтама** бойынша билік басқа адамдардың жүріс-тұрысын, өзін-өзі ұстауын өзгерту мүмкіндігіне негізделген іс-әрекеттің ерекше түрі.
- **3. Инструменталистік анықтама** билікті белгілі бір құралдарды, амалдарды (зорлық-зомбылық, күштеу сияқты шараларды) пайдалану, қолдану мүмкіндігі деп біледі. Мәселен, Американың белгілі саясаттанушысы Р.Даль билік бір адамға екінші адамды өз еркімен жасамайтын іс-әрекетті жасауға мәжбүр ету мүмкіндігін береді дейді.
- **4. Структуралистік анықтама** билікті басқарушы мен бағынушының арасындағы қатынастың ерекше түрі деп ұғады. Олар кейбір адамдарды туғанынан, табиғатынан әміршіл, басқарғысы келіп тұратын болады, ал басқалары көнбіс, көнгіш, басқа біреу өз ырқын билеп, басқарып, жол көрсетіп тұрғанын ұнатады, қалайды дейді. Солардың арасында, олардың ойынша, билік қатынастары туады.
- **5. Конфликтілік анықтама** билікті дау-жанжал жағдайында игілікті бөлуді реттейтін мүмкіндік, шиеленісті шешудің құралы деп түсіндіреді.

Қоғамды билік өзара тығыз байланыста 3 деңгейде ұйымдастырылып, жұмыс істейді

1-деңгей

- жоғары орталық саяси институттар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарды бас-қару органдары кіретін **өте ірі деңгей**;

2-деңгей

- орта буынды аппараттар мен мекемелерді қамтитын және аймақтық, облыстық, аудандық шеңбердегі жергілікті әкімшілік билік (әр түрлі мекемелер, агенттіктер, комиссиялар, кеңестер, префектуралар және т.б. мекемелер) кіретін **орта деңгей**;

3-деңгей

- адамдар, кішігірім топтар, ұйымдар, одақтар, өндіріс және басқару ұжымдар арасындағы қоғамдық қатынастардың негізі, арқауы болып табылатын, саяси және қоғамдық өзін-өзі басқару өрісін құрайтын **кіші деңгей**.

Билік

```
graph TD; A[Билік] --> B[Саяси билік таптық, топтық жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді]; A --> C[Мемлекттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке-дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады];
```

Саяси билік таптық,
топтық жеке адамның
саясатта
тұжырымдалған өз
еркін жүргізу
мүмкіндігін білдіреді

Мемлекттік билікке
барлық адамдарға
міндетті заңдарды
шығаруға жеке-дара
құқығы бар заңдар мен
ұйымдарды сақтау үшін
ерекше күштеу
аппаратына сүйенетін
саяси биліктің түрі
жатады

Биліктің түрлері

Монархиялық

Республикалық

Унитарлық

Федерациялық

Конфератифтік

Басқару түрі жоғарғы өкімет билігі кімнің қолында екенін көрсетеді. Соған байланысты

Мемлекет құрлысы орталық өкімет пен жергілікті биліктің міндеттер өрісінің арақатынасын білдіреді.

Анаэробты тыныс алу - Гликолиз

Гликолиз-глюкозаның аэробты ыдырау, бұл процесте энергия бөлініп шығады және пирожүзім қышқылы түзіледі. Гликолиз-аэробты тыныс алу процестерінің бастапқы сатысы. Гликолиз-клетка цитоплазмасының еритін бөлімінде (цитозольде) және хлоропласта жүреді. Гликолиз процесінің мәнін ашқан неміс биохимиктері Г.Эмбден мен О.Ф.Мейергоф және совет биохимигі Я. О.Парнас.





***Назарларыңызға
рахмет!!!***